

ӘОК 81'1

ТІЛ ЭКОЛОГИЯСЫ: БҮГІНГІ ТАҒДЫРЫ МЕН КЕЛЕШЕГІ

Алданияз Әсел Арманқызы

aidaniyazassel@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ орыс тілі мен әдебиеті мамандығының 1-курс студенті

Ғылыми жетекші: проф.м.а. Б.С.Абдуова

Жұмыстың сипаты: XX ғасырдың соңында әлем ғалымдары тіл экологиясын тіл білімінің жеке саласы ретінде дамытып, жасалған ғылыми тұжырымдар негізінде тілдің экологиялық мәселелерін шешу қажеттілігін алға тартып дабыл қақты. «Тіл экологиясы» (ecology of language) термині алғаш рет Э.Хаугеннің 1970 жылы жасаған баяндамасында,

одан соң «The ecology of language» (Тіл экологиясы) атты ғылыми еңбегінде (1972жылы) қолданылып, кейін зерттеудің жаңа бағытының қалыптасуына негіз болды (Г.Чукенаева) Біз ғылыми жұмысымызда «экология» сөзіне түсініктеме беріп өткенді жөн деп санаймыз. Экология дегеніміз ең алдымен тазалық. Ал тазалық ұғымы туралы әр адамның түсінігі әртүрлі. Тазалықты жай ғана қарапайым сөз емес, үлкен ұлағатты, мағыналы сөздердің бірі ретінде қарап түсінуіміз қажет. Ал біз сөз етіп отырған тазалық қазіргі өмір сүріп отырған қоғамымыздағы қазақ тілінің бүгінгі таңдағы хал-ахуалы және болашақтағы жағдайы болмақ.

Жұмыстың жаңашылдығы: Тазалық ұғымының қолданылу аясы да өте кең деуге болады. Қазақ тілі өте бай тілдер қатарына жатады. Яғни тілімізде бір сөздің көп мағыналы болуы, сөздердің синонимдік қатарының мол болуы осыған дәлел. «Егер де біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағандай тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлауымыз керек», - деген еді ұлы Ахмет Байтұрсынұлы[1]. Жиырмасыншы ғасырдағы қазақ рухани мәдениеті көшбасшыларының бірі болған қоғам қайраткері, ғұлама ғалым, тілші, лингвист, түркітанушы, ақын, педагог, ағартушы А.Байтұрсынұлының сөзі осы біздің ұсынылып отырған жұмысты жазуымызға түрткі болды. Дәл қазіргі таңда әлем халықтарының тілдік кеңістігінде ойып тұрып орын алған ағылшын және орыс тілдерінің басқыншылығына ұшырап, қазақ тілінің деформацияланып кету қаупі көзі ашық, көңілі ояу көпті аландатады.

Мақсаты: Ана тілін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу, оны көздің қарашығындай сақтау, сөздің парқын, құнын түсіну – қазақ отбасында бала санасына ауыз әдебиеті үлгілері, әдеби мұралар арқылы жастайынан сіңірілген. Қазіргі қазақ қоғамында орын алып отырған заманауи өзгерістер отбасындағы осындай руханияттарды жүзеге асыруға үлкен тосқауыл болып отыр. Дәлірек айтқанда, аналарымыз ер азаматтармен тең дәрежеде қоғамға араласуынан, үйде емес, түзде көбірек болғандықтан баланың бойына сіңірілмей қалып жатыр. Ал бұл дертті жою үшін республикалық деңгейде әртүрлі отбасылық интернет-сайыстар ұйымдастыру жобасын ұсынар едік. Жұмысымызда осы мәселелерді талдап, тарқатуды мақсат еттік.

Зерттеу әдістері: талдау, аудару, зерттеу, статистикалық көрсеткіштер, жинақтау.

Зерттелу дәрежесі: Жалпы қазақ тіл білімі үлкен-үлкен үш саладан тұратындығын ескере отырып, қазақ тілінің экологиясы турасында ой қозғағанда бірнеше қырынан қарастыру қажет деп санаймыз.

Біріншіден, фонетикалық жағынан алатын болсақ, үндестік заңының, яғни сөздердің дұрыс айтылуы мен дұрыс жазылуында көптеген кемшіліктер кездеседі. «Сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек. Қазақ тіліндегі дыбыстар сөз ішінде, сөз бен қосымша арасында, сөз бен сөздің арасында бір-бірімен үндесіп, үйлесіп айтылады. Мысалы, орфографиялық норма бойынша Тұратбек деген адам есімі орфоэпиялық норма бойынша Тұратпек болып айтылуы тиіс. Алайда, теледидарда, әсіресе жарнамаларда осындай нормалар сақталмай жатқанын, яғни орфографиялық норма бойынша айтылып жатқанын көп байқаймыз. Керісінше, жазу барысында орфоэпиялық норма бойынша жазып жататындар да кездеседі. Бұл, әсіресе, уатсап, инстаграмм, вк желілерінде көп байқалады. «Не істеп отырсың?» дегеннің орнына «нестеп отсын» деп жазып жатады. «Мектеп пен баспаның тілі дұрыс болса, елдің тілін көркейтп, байытып, гүлдендіреді; мектеп пен баспада қолданған тіл шатасқан тіл болса, ол ел сорлы ел, мұндай елдің тілі бұзылмай қалмайды» [2]. Мұндағы баспаның орнын қазіргі таңда жоғарыда атаған әлеуметтік желілер басқандай. Сонымен қатар қазақ тіліндегі екпіннің тұрақты орнын (сөздің соңғы буынына түседі) сақтамай сөйлеу де байқалып жатыр. Бұл көбінесе поэзия оқығанда көбірек көрініс беріп жатады. Дәл осындай олқылықтар он сегіз миллионнан аса қазақ тамашалап отырған телеарналарға қонақ ретінде шақырылған атақты кісілер мен өнер жұлдыздарыдан да байқалады. Атап айтқанда, жүргізушілердің өздері де қазақша баламасы бар кейбір сөздерді басқа тілден енген қалпында айтуы. Қазақ оқымыстылары шетел тілінен енген сөздерді қабылдағанда, қазақ тілінің басты заңы

үндестікке бағындырып қабылдау қажет дегенді құптады. Мәселен, Е.Омаров «Тілдің заңына келмейтін жат сөздер көбейіп кетсе, тіл бұзылады, тілдің негізгі қасиеттері, тұрлаулы заңдары бұзылады» десе, Қ.Кемеңгерұлы «Үндестік заңына» бағынбайтын сөздер болса, бағындыру керек» деп жазған[3]. Осындай өзекті мәселелерді шешу үшін эколлингвист мамандар елімізге ауадай қажет. Нақтырақ айтқанда сол мамандарды дайындайтын оқу орындары қажет. Оларды біз шартты түрде «тіл дәрігерлері» деп атап едік.

Екіншіден, тіл білімінің лексика тарауы да эколлингвистикаға әсер етеді. Өйткені бір сөздің синонимдерін қолданып отыру – тілдік қордың бай екенінің көрсеткіші. Мәселен, берілген мәтіннің ішінен бірнеше сөзді алып, оларға синоним сөздерді тауып жазатын болса, оқушы немесе студенттің сөздік қоры анағұрлым дамымақ. Әрдайым осындай жаттығуларды орындату арқылы осы олқылықтың орнын кішкене болса да толтыруға болады деп ойлаймын. Осы орайда батыр, жауынгер, жазушы Бауыржан Момышұлының сөздердің синонимдерін жинақтау арқылы орыс тілін жетік меңгергенін айтуға болады. Сонымен қатар, қазақ тілінің ең көркем кезеңі ретінде Майқы би, Аяз биден бастау алатын XII ғасырды атап едік. Бұл кезеңдегі ауыз әдебиеті үлгілерінен тұнық, таза тілді аңғаруға болады. Оның себебі айқын: көшпелі қазақ елінің басқа елдермен араласының аздығы. Сол замандағы би-шешендердің тіл оралымдарының көркемдігі ерекше атап айтуға тұрарлық. Ал қазіргі таңда солай тілдің тазалығын сақтап сөйлейтін азаматтар бар ма екен? Әрине, бар. Бірақ тым аз, саусақпен санарлықтай ғана. Бірақ аз болса да олар бар. Бұл көңілге үміт нұрын себетін сәуле іспетті. Мәселен Мұхтар Шаханов, Бекболат Тілеуханов секілді ағаларымыз халық арасында танымал болса, Тұрсынбек Кәкішев, Софы Сматаев, Советхан Ғаббасұлы, Абай Қалшабек сынды ағаларымызды бірі білсе, бірі танымас. Бұл тізім әрине мұнымен шектелмейді. Ендігі мәселе тіл жанашырларын жастарға насихаттау керек. Ал оны қалай жүзеге асырамыз? Бұл бөлек өзекті мәселе. Өзім оқып жүрген Еуразия ұлттық университетінде Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген топтағы студент жастарға өздерінің туған жерлеріндегі осындай азаматтарын бір-бірімізге насихаттаудан бастауды ұсынбақпын. Сол кісілер жайында бейнебаяндар, тікелей эфирлер түсіріп, онлайн-кездесулер өткізуді қолға алмақпын.

Үшіншіден, тілдік байланыс. Кез-келген тіл жеке-дара өмір сүрмейді екен. Ол көршілес елдердің әлеуметтік-саяси қарым-қатынасына тікелей байланысты. Өзге елмен қарым-қатынас жасау барысында тілдік өзгерістер де орын алады. Ол көршілес елдердің әлеуметтік-саяси қарым-қатынасына тікелей байланысты. Осы орайда бізге қатты ықпал еткен орыс тілінен келген сөздер. Ол сөздерді күнделікті қарым-қатынаста үнемі қолданғандықтан үйреншікті жайға айналып кеткен. Мәселен, «мүлдем» деген сөздің орнына «вообще» сөзін қолдану, «балғын», «жас», «таза» секілді сөздердің мағынасын білдіретін «свежий», «жай» деудің орнына «просто», жаза берсек, бұл сөздердің қатары көбейіп кетеді. Айтайын дегеніміз, өзге тілден енген сөздердің қазақша баламасын телеарналардан жиі көрсетіп, тіл тазалығын сақтау қажеттілігін ескертіп отырса, қазақ тілінде таза, тапқыр, шешен сөйлейтін жастарды қолдап, мерейін асқақтатып отырса, бүкіл ел бірте-бірте ана тілімізді біз күткен тұғырлы орнына қондырап еді.

Бүгінгі таңда «ақылды технологиялар» адамзат өмірінің барлық саласына қарқындап еніп, оның ажырамас бөлігіне айналуға. Біз күнделікті өмірде әлеуметтік желілер арқылы бір-бірімізбен хат алмасамыз және осы әлеуметтік желілер арқылы қаншама түрлі хаттарымыз бізге қате жетеді. Мұндай хаттар біздің тіліміздің шұбарлануына да алып келері сөзсіз. Күнделікті өмірде мұндай бұрмаланған мәтіндерді көру, оқу, жазу, пікір алмасу тұлғаның тіл мәдениетін төмендетуге әкеліп соғады. Бұлар ғана емес, сонымен қатар небір сленгтер, жаргондар, варваризм сөздер қолданылады. Мысалы атап айтар болсақ, *лайк бас, чо там, брат, базар жоқ, норм, ок, селфи, инет, ава, қумаш, тя (тебя), репост, фейк, родной, трек, батл, мейкап, пати, изи, отл (отлично), маган қарай тартыл, т.б.* Біз мысалға алып отырған бұндай сөздердің қатары өте көп. Оларды ары қарай дамытпай, орын алып отырған бұндай қателіктерді жою үшін сөзден нақты әрекетке көшуіміз керек.

Смартфондар мен байланыс құралдарына әлеуметтік желілерде қате жазылған сөздерді бұғаттап немесе сол сөзді түзеп беретін бағдарламаны орнату қажет.

Қазақстандық қоғамның бәсекеге қабілетті маман дайындауда көптілді тұлға қалыптастыруды көздеуі, үштілді оқытудың басым бағытқа айналып отырғаны баршамызға аян. Біздің тіліміздің сол тілдердің көлеңкесінде қалып қоймауын әрдайым қадағалап отыруымыз керек. Ол үшін қазақ тілін меңгеріп қана қоймай, «таза» күйінде ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу маңызды. Он тоғызыншы ғасырда қазақ даласына шетелден келген жандарға «Қазақтар сөйлегенде ән салып тұрғандай көрінетін» болған, ал бүгінгі күні біз сол деңгейден қаншалықты төмендеп кеттік?

Студенттер арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері, олардың жазба жұмыстары, әлеуметтік желілердегі жазбалары, сабақ үстінде, сабақтан тыс іс-шараларға қатысу барысында, қоғамдық орындарда тілдесімдерін бақылау қазіргі студенттердің тілдік ортасын қауіпсіз деп атауға келмейтін растады. Қазіргі таңда жастардың тілдік ортасында қазақ тілі экологиясының дағдарысын тудырып, тіл тынысын тарылтып отырған жағдайлар:

1. Ауызша сөйлеуде: жастар тіліндегі қарабайыр сөздер; жаргондармен ластануы; сөздік қорының жұтаңдануы; тілдің көріктеуіш құралдарының қолданылмауы; тіл мәдениеті деңгейінің төмендігі; қазақ тілінде баламасы бола тұра шет ел сөздерін пайдалану;

2. Жазбаша сөйлесуде: қазақ тіл мәдениетін үйренуге қызығушылық танытпау; өкінішке орай, «сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек» (Ахмет Байтұрсынұлы) екендігін естен шығарып отырмыз. Бұл жағдай жастардың ұлы құндылық - тіліміздің өміршеңдігі өз қолында екенін сезінбеуінен туындаса керек. Бұл сезінбеу жалғаса беретін болса, тілімізге жойылып кету қаупі туады. Ал бұл олқылықтарды жойып, тіл тазалығын саламаттандыру үшін жастардың арасында тіл тазалығы акцияларын, кітап оқу байқауларын жиі ұйымдастырып тұрса құбақұп болар еді. Жүрегі қазақ деп соққан әрбір жан тілімізге деген жанашырлық сезімін көрсете білсе екен. Елбасымыз айтқандай, «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін» деген ақыл да нақыл идеясын жүзеге асырып, тек қазақша сөйлеп қоймай, тұрақты тіркестер мен шешендік сөздерді орынды қолдана отырып, тіліміздің көркемдігін үлгі етуіміз қажет.

Қорытынды. Жоғарыда айтылған ойларымызды қорытындылай келе қазақ тілінің тазалығына әрбір қазақ жауапты дегіміз келеді. «Тіліміз ондай», «тіліміз мұндай» деп сыни пікірлер айтуға бәріміз шетімізден шеберміз де, ал әрекет жасауға келгенде көбіміз қол қусырып қарап отыра береміз. Тілді дамытамыз десек, тек сөзбен емес, нақтылы іспен көрсетуіміз керек-ақ. Бір жерден қате көріп қалсақ, оған үкіметті, тіл басқармасын, я болмаса, тіл комитетін кінәламай, әрқайсысымыз шамамыздың келгенінше осындай қателіктердің түзелуіне атсалыссақ, біздің туған тіліміз төрге шығары анық. Қазақтың ұлы ғалымы Шоқан Уәлихановтың: «Тілімізді кіршіксіз таза ұстап, қыз жасауындай жайнауға тиістіміз» деген сөзін ұрандай ұстануымыз қажет. Біздің күнделікті жиі қолданатын әлеуметтік желілерімізге, атап айтқанда, уатсап, вк, инстаграмм, телеграмм желілеріне тіл тазалығы сақталған мәтіндерді теру және жеткізу бағдарламалары енгізілсе, әрбір жүрегі қазақ деп соққан жастарымыз қолданады деген сенімдеміз. Тіл деген белгілі бір тіл мамандарына, тілші ұстаздарға не болмаса үкімет басшыларына ғана жауапкершілікке берілген дүние емес. Бұл – бүкіл иісі қазақ баласына ата-бабамыздан аманат ретінде жеткен ұлы желі. Осыны әрбір көзі қарақты қазақ азаматы сезінетін кез жетті.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынұлы А. Тіл ғылымы. Алматы: Ана тілі. 1992. – 448.
2. Чукенаева Г. Лингвоэкология. М.: 2009. – 278.
3. Алаштың тілдік мұрасы (мақалалар жинағы) Құрастырғандар: С.Шүкірұлы, Ж.Тұрлыбекова. Алматы: Палитра Пресс, 2013. – 328.